**Сөйлегендер: Ата-ана Рамазанова А-** Тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Қамқоршылық кеңестің мүшелері аталған акцияға белсене қатысты. Атап кететін болсам, мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсетілді. Жалпы соммасы 50.000 теңге. Көмек аз қамтылған және көпбалалы Сарсенова Ш мен Нуретова А берілді. Осы балаларға киім, аяқ киім оқу құралдары алынды. Аталған отбасылардың мүшелері өз алғыстарын білдіріп, риза болды. Осындай көңілдері жарқын, қуанышты күлкімен көмегімізді қарсы алған балаларды көргенде ішкі дүнием риза болды. Сондықтан да осындай жақсы істерге әрі қарай белсене қатысып ат салысайық.

**Сөз алған ПБ жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор Тапалов Э.Б.**

- Қайырымдылық көрсету қазіргі уақытта қоғамға қажет нәрсе, себебі мейірімділік, кішіпейілділік деген қасиеттер жоғалып бара жатыр. Әрине заман түзеліп реттелді. Сондықтан да қолымыздан келетін болса жәрдемдесеміз. Осы мектептің қолайсыз отбасыларымен үнемі жұмыстанамын, сондықтан да материалдық көмек көрсету арқылы балаларына қуаныш сыйлаймыз.

**Сөз алған «Құлагер» ШҚ басшысы Мамбетов Б.К**

- Елбасымыздың салихалы саясаты негізінде елімізде барлық жағдай жасалған. «Рухани бағдар беру: рухани жаңғыру» жолдауында елбасымыз атап кеткендей әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасыларға көмек беру, соның ішінде балаға төленетін ақша мөлшерін көбейту мәселесі де қаралып шешілген. Зейнетақы мөлшері де жылдан жылға көтеріліп тұрады. Сондықтан да, көмекті қажет ететін отбасының балаларына барынша көмек көрсету бұл әркімнің өз сана-сезіміне байланысты.

**Сөз алған «Арнау» ЖК басшысы, қамқоршылық кеңестің төрағасы Ахметов К.Б**

- Жоғарыда айтылған сөздермен толықтай келісе отырып, аз болса да көмек бергенімізге алғысым шексіз. Келесі де бірлесе жұмыстанып, жақсы нәтижелерге қол жеткізейік.

**Қаулы:**

1. «Мектепке жол» акциясы бойынша қаржы мәселесі қаралып, келесі акцияға көмек ұйымдастыру жұмыстары қаперге алынсын.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы:** **К.Ахметов**

**Хатшы:** **А.Бикмурзина**